

Тілдік білімді бағалау жүйелерінің мәселелері

ф.ғ.к., Назарбаев Университетінің ассистент
профессор Байтелиева Жанар

Аннотация: Бұл баяндамада тілдік білімді бағалау жүйелерінің қалыптасуы мен даму барысы сөз болады. Бүгінгі көптілді әлемде бірнеше тілдерді меңгеру заман талабы болып отырғандықтан үйренген екінші, үшінші тілді бағалаудың да өзектілігі туындап отыр. Осыған орай тілдік білімді бағалайтын халықаралық танымал тестілердің қалыптасу, даму бағытын сөз етеміз және осы жүйелерді қарастыру арқылы өз тәжірибемізді арттыру мақсатын көздейміз.

Түйін сөздер: тілдік білім, тілдік білімді бағалау, бағалау жүйелері, тест, екінші тіл, сөйлесім әрекеттері, тілдік деңгей, коммуникативтік құзірет, халықаралық жүйелер.

Аннотация

В докладе рассматриваются вопросы формирования и развития систем оценивания языковых знаний. В современном многоязычном мире, где владение несколькими языками становится требованием времени, становится актуальным оценивание уровня освоения второго, третьего языка. В этой связи, мы рассматриваем этапы формирования и направления развития известных международных тестов оценки языковых знаний и через изучение этих систем хотим расширить свой опыт.

Ключевые слова: языковое знание, оценка языковых знаний, система оценивания, тест, второй язык, виды речевой деятельности, уровни языка, коммуникативная компетентность, международные систем

Abstract

The report reviews the formation and development of evaluation system of linguistic knowledge. The evaluation of proficiency of the second or third language is of current interest in the contemporary multilingual world, where possession of several languages is a requirement of time. In this regard, we examine the stages of formation and directions of development of known international systems of language evaluation, and by studying these systems we aim enhancing our own experience.

Keywords:

linguistic knowledge, linguistic knowledge evaluation, evaluation system, testing, second language, types of speech activity, language level, communicative competence, international systems.

Тілдік білімді бағалау туралы сөз етпек бұрын алдымен «тілдік білім» туралы, оның жалпы сипаты жайында тоқталып өтсек. Бұл термин қазіргі таңда тілді меңгеру деңгейін анықтау жүйелерінде өте белсенді қолданылуда. «Тілдік білім» ұғымы негізінен когнитивтік лингвистиканың нысаны болып табылады. Профессор Н.Уәли [1] өз зерттеуінде тілдік білім туралы мынадай пікір береді: «Білім – адам санасында жүйелі тәртіп түрінде орын тепкен мәліметтер жиынтығы, естің бір бөлігі. Ол *тілдік білім, тілдік емес білім* (ақиқат дүние туралы, ақиқат дүниедегі оқиға, іс-әрекет, процесс т.б.) болып бөлінеді. Тіл – білімнің өмір сүруінің аса маңызды амал-тәсілі. Білім тілдік семантикада кодқа салынады. Тілдік білім – ақпаратты өңдеудің ерекше механизмі». Яғни, тілдік білім дегеніміз сөз, сөйлем, оның мағыналары мен құрылымдарын білу деген ойды білдіреді.

Белгілі бір тілді тұтынушы сол тілдегі тілдік бірліктердің мағынасын жақсы білуі, оларды бір-бірімен байланыстырып, ойын білдіре алуы керек. Тілдік білімге барлық деңгейдегі тілдік бірліктер: дыбыс, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем жатады [1]. Дегенмен бұл жерде жалпы тілді тұтынушы жайы айтылғанымен, біздің бұл мақалада тоқталғалы отырғанымыз – тілді екінші тіл ретінде үйренушілердің тілдік білімі. Жоғарыда келтірген тілдік білімге жататын дыбыс, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем сияқты тілдік бірліктерді екінші тіл ретінде меңгеруін бағалау, өлшеу туралы болмақ.

Белгілі бір тілді қолданушыда лингвистикалық құзірет, коммуникативтік құзірет, сондай-ақ мәдени-тілдік құзірет болады. Енді осы құзіреттерді бағалаудың қажеттілігі неде, не үшін тілдік білім бағаланады деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Тәуелсіздігімізді алғалы елімізге шетелдік азаматтар әртүрлі сала бойынша оқуға, жұмыс істеуге келе бастады. 2005 жылдың 3 қазанындағы «Қазақ тілін білу деңгейін бағалау жүйесін жасау және соның негізінде оқыту әдістемесін әзірлеу» туралы премьер-министрдің хаттамасына сәйкес, ҚР Білім және ғылым министрлігіне қарасты Ұлттық тестілеу орталығында адамдардың, ел аумағында жұмыс істеп жатқан шетел азаматтарының қазақ тілінен тілдік білімін бағалайтын ҚАЗТЕСТ жүйесі құрылды. Қазіргі күнде осы жүйе қалыптасып, даму үстінде. Осы жүйені қалыптастыру, дамыту жұмыстарының басы-қасында жүрген профессор З.Күзекова еңбектеріне

үнілсек, бүгінгі күнде тілдік білімді бағалаудың коммуникативтік кезеңіне жеткенімізге көз жеткізе аламыз [2]. З.Күзекова, Г.С.Пазылова, Е.Қ.Әбдірәсілов сынды ғалымдарымыздың «Қазақ тілі. Тестілеу теориясы мен практикасы» атты еңбегінде тілдік білімді бағалаудың теориялық сұрақтарына, сондай-ақ, осы саланың Қазақстанда қалыптасуы, даму барысы т.б. жайында құнды ақпараттар берілген. Осы еңбекте тілдік тестілер тіл үйренушіге мынадай себеппен көмектесе алатындығы түсіндіріледі:

Біріншіден, мұндай тест аудиторияда, тіпті көпшілік қауымның сабаққа, тіл үйренуге деген ынтасын оятады. Мотивациялық тұрғыдан әрі тиімді оқыту нәтижесіне қол жеткізу үшін оқытушылар негізінен оң ахуал қалыптастыруға тырысады.

Екіншіден, тест тіл үйренушінің тілдік білімін жетілдіруге жетелейді, көмектеседі. Тіл үйренуші тест тапсыруға дайындалудан, оны тапсырудан кейінгі нәтижесін талқылаудан тек оның пайдасын көреді [2].

Қазақ тілі мемлекеттік тіл статусын алса да, оны екінші тіл ретінде оқытындар саны мемлекетімізде де жетерлік. Орта мектептерде негізінен орыс тілінде білім алып, ал қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытын қазақ ұлтының өкілдері де баршылық. Осы тұста мемлекеттік тілді оқыту, дамыту, оның қолданыс аясын кеңейтуге байланысты атқарылып жатқан іс-шаралардың оған әсері жоқ дей алмаймыз. Қазақ тілін үйрету құралдары, оқу-әдістемелік кешендері, оқыту немесе тіл үйрету курстары өз жұмыстарын жүргізу үстінде. Осыған орай қазақстандықтардың қазақ тілін қажеттілікке байланысты міндетті білуі жөнінде құқықтық, заңнамалық жақтары қаралып, ҚАЗТЕСТ жүйесінің пайдаланылу аясы кеңейді. Жалпы, шетелдік тілдік білім бағалау жүйелерінде сөйлесім әрекеті түріне байланысты тапсырмалардың 60 пайызына дұрыс жауап бергенде ғана, сол деңгейді меңгерген деп саналып, сәйкесінше сертификат беріледі.

Еліміздегі тілдік білімді бағалаудың тарихына көз жүргітсек, алғашқы кездердегі бағалау субъективті, сосын объективті сипат алғандығын, ал қазіргі кезде жоғарыда айтқанымыздай, коммуникативтік сипатта жүріп жатқандығын атап өткіміз келеді. Тестолог-ғалым З.Күзекова коммуникативтік тестілер тілдік (теориялық) білік-дағдыны емес, оқушының меңгерген екінші тілін, үшінші тілін пайдалана, қолдана алатындығын бағалау үшін қажет екенін атап айтады [2].

Тілдік білімді бағалаудың халықаралық жүйелеріне талдау жасайтын болсақ, олардың қалыптасу, даму үдерісі «екінші тілді оқыту» ұғымына қатысты көптеген ақпараттарды байқатады.

Тіл үйретудегі халықаралық өлшемдер тілдік ережелерден (грамматика) гөрі негізгі тілдік дағдыларды (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) меңгертуге негізделген. Барлық тілдерде әрбір деңгей кезеңіндегі оқу қабілеттілігінде

тіл үйренушілерден күтілетін тілдік білім бірдей. Мысалы, В1 деңгейіндегі ағылшын тілінде де, орыс тілінде де, қазақ тілінде де сөйлесім әрекетінің түрлері бойынша күтілетін нәтижелер бірдей болады.

Тілдік білімді бағалайтын халықаралық жүйелер ағылшын тілі, испан тілі, қытай тілі, неміс тілі, француз тілі, жапон тілі, түрік тілі, т.б. тілдерде қалыптасқан. Осы тілдердің ішінде ағылшын тілі сияқты тұтынушылары өте көп тілдерде бағалау жүйелерінің бірнеше түрі бар. Мәселен, көпшілікке белгілі ағылшын тілінен IELTS, TOEFL сияқты емтихандар әлемнің көптеген жерлерінде өз жұмыстарын жүргізіп жатыр. Біз осы жүйелерден басқа орыс тілінің ТРКИ және түрік тілінің TYS атты тілдік білімді бағалайтын тестілеріне тоқталғымыз келеді.

Бұл төрт жүйеге де ортақ нәрсе – тілді екінші тіл ретінде оқығандар ғана тапсырып, сол тілдегі өз тілдік білімдерінің деңгейін анықтай алады.

Жоғарыда аталған тілдік білімді бағалайтын жүйелердің сол елдегі тілдік саясатқа ықпал ететін құрал екендігі анық. Ұлыбританияға шетелден келген азаматтардан IELTS сертификаты, АҚШ, Канада, Австралия елдеріне барып белгілі бір оқу орнында оқу үшін, жұмыс істеу үшін міндетті түрде TOEFL сертификаты талап етіледі.

Ал тарихына қарасақ, IELTS 1960 жылдан, TOEFL 1962 жылдан, ТРКИ 1954 жылы М.В.Ломоносов университетінде халықаралық білім орталығының базасында ұйымдастырылса, TYS 2012 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Жарты ғасырдан аса тарихы бар IELTS, TOEFL тестілерінің қазіргі таңда бірнеше түрлері қалыптасқан. Мәселен, IELTS-тың «Academic IELTS» және «General Training IELTS», TOEFL-дың «PBT – paper-based test», «CBT – computer-based test», «IBT – internet-based test» деген түрлері ағылшын тілін екінші тіл ретінде оқығандар тарапынан белсенді қолданылып жатыр.

Аталған төрт тест де тіл үйренушілердің сөйлесім әрекеттері бойынша меңгерген дағдыларын тексереді. IELTS, TOEFL, TYS тестілері тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым дағдыларын бағалайды, ал ТРКИ-да бұлардан басқа лексика-грамматиканы да тексеретін бөлім қамтылған. Әрбір жүйе сөйлесім әрекеттерінің түрлері бойынша бағалау критерийлерін де қалыптастырған. Яғни, әр әрекетте нені тексеру керек, нені бағалау керек, қалай бағалау керек сияқты сұрақтарға жауаптар қарастырылған. Мәселен, айтылымды тексергенде неге мән беру керек, қалай бағалауымыз керек деп ойлайсыз?

Тілдік қатынас мәселелерін зерттеген ғалым Ф.Оразбаева айтылымға мынадай анықтама береді: «айтылым – адамдар арасындағы тілмен түсінісуді жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің бір түрі. Ол – тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару процесі» [3].

Айтылымды бағалау үдерісінде мына нәрселер маңызды болып есептеледі: емтихан тапсырушыға қойылатын сұрақтар алдын ала дайындалу керек, әр сұраққа жауап беру уақыты алдын ала есептелу керек, ұпайлардың шамасы алдын ала белгіленгену керек, емтихан тапсырушыға еркін сөйлей алатын орта дайындау керек, бұлай болмаған жағдайда дұрыс бағаланбайды, сонымен қатар, сұрақтар барлық емтихан тапсырушыға тең дәрежеде қойылуы шарт [4].

Жалпы тілдік білімді бағалайтын тест қағидаттары ретінде оның жарамдылық, сенімділік, қолданыс сипаттары қарастырылады. Бұл қағидаттар тілдік білімді бағалайтын тестінің қажеттілігін айқындап береді.

Келесі тоқталатынымыз, осы тестілерді кімдер әзірлейді? Тестілерді арнайы курс, тренингтерден өткен мамандар жасайды. Әзірлемешілер өз біліктілігін арттыру мақсатында семинар-тренингтерге қатысып отыруы міндетті. Себебі бұл саланың өзіндік ерекшеліктері, ескеретін тұстары өте көп. Кез келген тілші-маман бұл істі атқарып шыға алмайды. Ол үшін осы саланы зерттеу керек. Мәселен, тест жасау үдерісі бірнеше айлар мен жылдарға созылуы мүмкін, әр тест материалдары этикалық стандарттарға сәйкес жасалу керек, т.б. нәрселерді үнемі назарда ұстау қажет. Жасалған тестілер 2 рет лицензияланған мамандар тарапынан сараптамадан өтеді.

Жалпы тілдік білімді бағалаудың деңгейді анықтайтын тест, құзіреттілікті анықтайтын тест, қаблеттілікті анықтайтын тест, диагностикалық тест, қорытынды тест, т.б. көптеген түрлері кездеседі. Әрқайсысының тексеретін нысаны белгілі, өзіндік ерекшеліктері бар.

Ойымызды тұжырымдай келе, тілдік білімді бағалайтын танымал тестілердің қалыптасу, даму бағытындағы тәжірибелері ЖОО-да қазақ тілін екінші тіл ретінде оқитын студенттердің тілдік білімін бағалаудың тиімді жолдарын дамытуға септігін тигізеді деп есептейміз. Деңгейлік оқыту технологиясын бойынша тіл үйренушілер білімінің деңгейін бақылап, оны дамытып отыру, т.б. мәселелердің шешімін табу үшін қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытатын Қазақстанның әр өңіріндегі ЖОО оқытушылары жылына бір рет бас қосып, семинар-тренингтер ұйымдастырып, біліктіліктерін қалыптастырып, бір-бірімен тәжірибе алмасып отырса деп ойлаймызды қорытындылаймыз.

Пайдаланылған дереккөздер:

1. Нұргелді Уәли. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. - Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы, 2007.

2. Күзекова З.С., Пазылова Г.С., Әбдірәсілов Е.Қ. «Қазақ тілі. Тестілеу теориясы мен практикасы». – Алматы, 2009.
3. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы, 2005.
4. <http://websitem.gazi.edu.tr/site/ntemur/academic>
5. <http://testor.ru>
6. <http://www.turkcesinavi.com/>
7. http://www.ielts-exam.ru/content/writing/example_academic_one/
8. <https://ru.wikipedia.org>